



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank
арқылы жазылу

№84 (10484) 28 ҚАЗАН, СЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

КӨК ТУЫМ, МӘНГІ ЖЕЛЫРЕ!



АҚТАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕСМИ РӘСІМДЕР АЛАҢЫНДА РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК ТУДЫ КӨТЕРУ САЛТАНАТТЫ РӘСІМІ ӨТТІ. ЖИЫНҒА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ, ӨНІРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ, ЖАСТАР, ТҮРЛІ САЛА МАМАНДАРЫ, ӘСКЕРИЛЕР МЕН ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫ ҚАТЫСТЫ.



Ұлттық мереке барысында қатысушылар Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын бірге шықады. Салтанатты жиында облыс әкімі Нұрдаулет Қилыбай тұрғындарды Республика күнімен құттықтап, бұл күннің ел тарихындағы айрықша маңызын атап өтті.

«Бұл күн – еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамын айқындайтын тарихи күн. Егемендік туралы декларацияның қабылдануы мемлекеттілігіміздің іргетасын қалаған маңызды оқиға болды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, «Республика күні мемлекеттің құрылу жолындағы тарихи қадамның символы болуға тиіс». Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың



абыройлы міндеті. Баршаңызға мықты денсаулық және Отанымыздың игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Тәуелсіз Қазақстанымыз мәңгі жасай берсін, – деді Нұрдаулет Қилыбай.

(Жалғасы 2-бетте)

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕНІҢ МАРАПАТЫ



РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕСІ, ЕГЕМЕНДІКТІҢ АЙШЫҚТЫ БЕЛГІСІ. ОСЫНАУ МАҢЫЗДЫ КҮНІ МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНІҢ ЕҢБЕГІ ЕРЕН, ОРНЫ ОРАСАН АЗАМАТТАРЫ МЕМЛЕКЕТТІК МАРАПАТТАРҒА ИЕ БОЛДЫ. САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ХАЛЫҚТЫ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕМЕН ҚҰТТЫҚТАП, ЕЛ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСУ БАРШАМЫЗДЫҢ МАҢЫЗДЫ ПАРЫЗЫМЫЗ ЕКЕНІН АЙТТЫ.

Мерекелік іс-шара мемлекеттік туды сахна төріне әкеліп, мемлекеттік әнұранды шырқаумен басталды. Әсерлі де мерейлі күн қарсаңында аймақ басшысы Нұрдаулет Игілікұлы жиналған халықты Республика мерекесімен құттықтап, ақсарма тілегін білдірді:

«Мен Қазақстанды шын жүректен жақсы көретін әрбір азаматқа зор үміт артамын. «Қазақстан – ортақ шаңырағымыз» деп Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, ортақ шаңырағымыздың ұлы мерекесі құтты болсын. Мемлекеті, жері, мерекесі, туы жоқ ұлттар аз емес. Тіпті халқы бізден екі есе көп болса да, екіншіке қарай, өз Отаны жоқ ұлттар бар. Бүгінгі Ұлттық мереке – тәуелсіздіктің қадірін сезінетін, ел дамуына атсалысатын әрбір жан үшін айрықша күн. Еліміз күн сайын жаңарып, өсіп-өркендеп келеді. Маңғыстау өңірі де экономикасын тұрақты түрде дамытып, жаңа белестерге қадам басуда. Әрине, алда атқарылар іс көп, барлығы мінсіз деп айту қиын. Дегенмен сіз бен біз болып, ортақ мақсатқа ұмтылсақ, туған елімізді, қасиетті жерімізді одан әрі көркейтеміз деп сенемін. Мереке құтты болсын! Тәуелсіздігіміз мәңгі, мемлекетіміздің мерейі үстем болсын!» – деді ол.

Салтанатты жиында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен еліміздің өркендеуіне, өңіріміздің ілгерілуіне сүбелі үлес қосқан азаматтарға мемлекеттік наградалар табысталды. Оның ішінде «Парасат» ордені, «Құрмет» ордені, III дәрежелі «Еңбек даңқы» медалі, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдері және Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық «Бірлік» медалі бар. Жоғары марапатқа ие болған жандар сахна төріне шығып, халық қошеметіне бөленді. Аймақ басшысы әрбір марапатталушыға наградасын тапсырып, зор алғысын білдірді.

(Жалғасы 2-бетте)

ЖАҢАӨЗЕНДЕ ҚҰБЫР ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ

РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА ЖАҢАӨЗЕН ҚАЛАСЫНДА «КАСКОР-МАШЗАВОД» ЖШС-НЫҢ СОРҒЫ-КОМПРЕССОРЛЫҚ ҚҰБЫРЛАР МЕН СОРҒЫ ШТАНГАЛАРЫН ӨНДІРЕТІН ЖАҢА ЗАУЫТЫ АШЫЛДЫ.



Бұған дейін де Жаңаөзенде өндірісті локализациялау бірқатар өзекті мәселелерді шешуге көмектесетіні туралы айтылды. Экономикалық тұрғыдан аса тиімді шешім импортты алмастыруға, атап айтқанда жергілікті өндірісті жандандыруға мүмкіндік береді. Жаңаөзенде құбыр және сорғыш штангаларын шығаратын желілердің іске қосылуы өңірлік дамудың өрісін кеңейтіп, қажетті кадрларды дайындаудың тәжірибесін қалыптастырады. Өндірісті оқшаулау жаңа жұмыс орындарын құру мүмкіндігін беретінін де атап өткен жөн.

(Жалғасы 2-бетте)

• БҮГІНГІ САНДА

АДАЛ АЗАМАТ ТАҢДАУЫ



» 3

ОТБАСЫ ҮНТЫМАҒЫ— МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ



» 8